



Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім министрлігі

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты

ОТАН ТАРИХЫ

2026. Т. 29 (1)

ISSN 1814-6961
E-ISSN 2788-9718



- ТАРИХ
- ЭТНОЛОГИЯ
- АРХЕОЛОГИЯ



ОТАН ТАРИХЫ

2026. Т.29 (1)

ISSN: 1814-6961 (print)
ISSN: 2788-9718 (online)

Отан тарихы
Отечественная история
History of the Homeland

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2026. Т. 29 (1)



Published in the Kazakhstan
Otan tarikhyy
Has been issued as a journal
since 1998
ISSN: 1814-6961 (Print)
ISSN: 2788-9718 (Online)
2026. Vol. 29. Is. 1. Pp. 367–
377
Journal homepage: <https://otan.history.iie.kz>



FTAXP/MPHTI/IRSTI 03.20

https://doi.org/10.51943/2788-9718_2026_29_1_367-377

ДІНИ ПАРЫЗ БЕН ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПТЕР АРАСЫНДА: ХІХ ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ — ХХ ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЖЫЛЫҚҚА САНИТАРЛЫҚ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚИЫНДЫҚТАРЫ

Керім Қуанышқызы Қабдолдина¹, Жанат Бекқызы Құндақбаева²

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
(71-үй, әл-Фараби даңғ., 050040, Алматы, (Қазақстан Республикасы)
Қазақстан тарихы кафедрасының оқытушысы
ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-6703-6871> e-mail: kerim.kabdoldina@mail.ru

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
(71-үй, әл-Фараби даңғ., 050040, Алматы, (Қазақстан Республикасы)
т.ғ.д., профессор
ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3074-6332> e-mail: janbekkun@mail.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2026
© Қабдолдина К.Қ., Құндақбаева Ж.Б., 2026

Аңдатпа. *Kіріспе.* ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың басында мұсылман әлеміндегі қажылық қозғалысының ауқымы ұлғайып, ол халықаралық көші-қон және қоғамдық денсаулық сақтау мәселелерімен тығыз байланысты құбылысқа айналды. Әртүрлі өңірлерден келген мыңдаған адамдардың қасиетті қалаларға, әсіресе Мекке мен Мәдина бағытында қозғалысы жүкпалы аурулардың таралу қаупін күшейтті. Осы жағдай көптеген мемлекеттердің, соның ішінде Ресей империясы билігінің қажылық сапарын санитарлық тұрғыдан бақылау жүйесін қалыптастыруына ықпал етті. *Мақсаты мен міндеттері.* Зерттеудің мақсаты – ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басындағы қажылық сапарына қатысты санитарлық бақылау жүйесінің қалыптасу ерекшеліктерін және оның Дала өңіріндегі мұсылман қоғамында қабылдануын талдау. Осы мақсатқа жету үшін қажылық маршруттарының ұйымдастырылуы, карантиндік пункттердің қызметі, әкімшілік реттеу шаралары және жергілікті қоғамның бұл талаптарға көзқарасы қарастырылды. *Материалдар мен әдістер.* Зерттеуде архив құжаттары, әкімшілік есептер, мерзімді баспасөз материалдары, сондай-ақ мемуарлық және әдеби деректер пайдаланылды. Талдау барысында тарихи-салыстырмалы, деректанулық және аналитикалық әдістер қолданылып, ресми саясат пен қоғамдық тәжірибенің өзара байланысы қарастырылды. *Нәтижелер.* Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, қарастырылып отырған кезеңде қажылық қозғалысын реттеу мақсатында санитарлық бақылаудың арнайы жүйесі қалыптасты. Карантиндік пункттер құрылып, медициналық тексерулер енгізілді, ал қажылардың қозғалысы әкімшілік және паспорттық бақылау арқылы реттелді. Сонымен бірге бұл шаралар жергілікті мұсылман қоғамында әртүрлі қабылданды: бір жағынан эпидемиялық қауіптер туралы ақпаратқа қызығушылық артса, екінші жағынан кейбір санитарлық рәсімдер дәстүрлі діни тәжірибеге сәйкес келмейтін жаңа талаптар ретінде қабылданды. *Қорытынды.* Осылайша зерттеу нәтижелері

көрсеткендей, қарастырылып отырған кезеңде қажылық қозғалысы діни тәжірибемен қатар санитарлық қауіпсіздік, халықаралық көші-қон және империялық басқару мәселелерімен тығыз байланысты күрделі әлеуметтік құбылысқа айналды.

Кілт сөздер: қажылық, санитарлық бақылау, карантин, эпидемия, қоғамдық денсаулық сақтау, Ресей империясы, қазақ қоғамы.

Алғыс айту: Мақала ҚР Ғылым және жоғарғы білім министрлігі Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыру шеңберіндегі «Қоғамдық тарих әдістерін пайдалана отырып, Қазақстан тарихындағы танымал әңгімелерді жаңғырту» (ЖТН АР23489355) ғылыми жобасы бойынша дайындалды.

Дәйексөз үшін: Қабдолдина К.К., Құндақбаева Ж.Б. Діни парыз бен эпидемиологиялық қауіптер арасында: XIX ғасырдың соңы — XX ғасырдың басындағы қажылыққа санитарлық бақылау және оның қиындықтары // Отан тарихы. 2026. Т. 29. № 1. 367–377-бб. [қазақша]. DOI: 10.51943/2788-9718_2026_29_1_367-377

BETWEEN RELIGIOUS DUTY AND EPIDEMIOLOGICAL THREATS: SANITARY SURVEILLANCE AND THE CHALLENGES OF THE HAJJ IN THE LATE 19TH AND EARLY 20TH CENTURIES

Kerim K. Kabdoldina¹, Zhanat B. Kundakbayeva²

¹Al-Farabi Kazakh National University

(71 Al-Farabi Ave., 050040, Almaty, Republic of Kazakhstan)

Lecturer at the Department of History of Kazakhstan

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-6703-6871> e-mail: kerim.kabdoldina@mail.ru

²Al-Farabi Kazakh National University

(71 Al-Farabi Avenue, 050040, Almaty, Republic of Kazakhstan)

Doctor of Historical Sciences, Professor

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3074-6332>, e-mail: janbekkun@mail.ru

© Valikhanov IHE, 2026

© Kabdoldina K.K., Kundakbayeva Zh.B., 2026

Abstract. Introduction. In the second half of the 19th and early 20th centuries, the scale of the pilgrimage movement in the Muslim world expanded significantly, evolving into a phenomenon closely intertwined with issues of international migration and public health. The movement of thousands of individuals from diverse regions toward the holy cities, particularly Mecca and Medina, heightened the risk of infectious disease transmission. This situation prompted many states, including the Russian Empire, to establish a system of sanitary control over the Hajj. **Objectives.** The purpose of this study is to analyze the characteristics of the formation of the sanitary control system regarding pilgrimage in the late 19th and early 20th centuries and its perception by the Muslim society of the Steppe Region. To achieve this, the organization of pilgrimage routes, the operation of quarantine stations, administrative regulatory measures, and the local community's attitudes toward these requirements were examined. **Materials and Methods.** The research utilizes archival documents, administrative reports, periodical press materials, as well as memoir and literary sources. The analysis employs historical-comparative, source-study, and analytical methods to explore the correlation between official policy and social practice. **Results.** The findings indicate that during the period under review, a specialized system of sanitary control was established to regulate the pilgrimage movement. Quarantine stations were set up, medical examinations were introduced, and the movement of pilgrims was managed through administrative and passport controls. However, these measures were met with a mixed response from the local Muslim society: while interest in information regarding epidemic threats increased, certain sanitary procedures were perceived as novel requirements that conflicted with traditional religious practices. **Conclusion.** Thus, the research results demonstrate that during this period, the Hajj, alongside being a religious practice, became a complex social phenomenon closely linked to sanitary security, international migration, and imperial governance.

Keywords: Hajj, sanitary control, quarantine, epidemic, public health, Russian Empire, Kazakh society.

Acknowledgements: This research was funded by the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan «Modernization of popular narratives in the history of Kazakhstan using public history methods» (Grant No. AP23489355).

For Citation: Kabdoldina K.K., Kundakbayeva Zh.B. Between religious duty and epidemiological threats: sanitary surveillance and the challenges of the Hajj in the late 19th – early 20th centuries // Otan Tarihy. 2026. Vol. 29. No. 1. Pp. 367–377. [In Kazakh]. DOI: 10.51943/2788-9718_2026_29_1_367-377

МЕЖДУ РЕЛИГИОЗНЫМ ДОЛГОМ И ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКИМИ УГРОЗАМИ: САНИТАРНЫЙ НАДЗОР И ТРУДНОСТИ ХАДЖА В КОНЦЕ XIX В. НАЧАЛО XX В

Кабдолдина Керим Куанышкызы¹, Жанат Бековна Кундакбаева²

Казахский национальный университет имени аль-Фараби
(проспект аль-Фараби, 71, 050040, Алматы, Республика Казахстан)
преподаватель кафедры истории Казахстана
ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-6703-6871> e-mail: kerim.kabdoldina@mail.ru

²Казахский национальный университет имени аль-Фараби
(пр. аль-Фараби, 71, 050040, г. Алматы, Республика Казахстан)
д.и.н., профессор
ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3074-6332>, e-mail: janbekkun@mail.ru

© ИИЭ им. Ч.Ч. Валиханова, 2026

© Кабдолдина К.К., Кундакбаева Ж.Б., 2026

Аннотация. *Введение.* Во второй половине XIX – начале XX веков масштабы паломнического движения в мусульманском мире значительно расширились, превратившись в явление, тесно связанное с вопросами международной миграции и общественного здравоохранения. Передвижение тысяч людей из различных регионов к святым городам, в частности по направлению к Мекке и Медине, усилило риски распространения инфекционных заболеваний. Данная ситуация способствовала формированию системы санитарного контроля за совершением хаджа со стороны властей многих государств, в том числе Российской империи. *Цель и задачи.* Цель исследования – проанализировать особенности формирования системы санитарного контроля в отношении паломничества в конце XIX – начале XX веков и её восприятие мусульманским обществом Степного края. Для достижения этой цели были рассмотрены вопросы организации маршрутов паломничества, деятельность карантинных пунктов, меры административного регулирования и отношение местного общества к данным требованиям. *Материалы и методы.* В исследовании использованы архивные документы, административные отчеты, материалы периодической печати, а также мемуарные и литературные источники. В ходе анализа применялись историко-сравнительный, источниковедческий и аналитический методы, позволившие рассмотреть взаимосвязь официальной политики и общественной практики. *Результаты.* Результаты исследования показали, что в рассматриваемый период в целях регулирования паломнического движения была сформирована специальная система санитарного контроля. Были созданы карантинные пункты, внедрены медицинские осмотры, а передвижение паломников регулировалось посредством административного и паспортного контроля. Вместе с тем данные меры воспринимались местным мусульманским обществом неоднозначно: с одной стороны, возрос интерес к информации об эпидемических угрозах, с другой – некоторые санитарные процедуры воспринимались как новые требования, не соответствующие традиционной религиозной практике. *Заключение.* Таким образом, результаты исследования демонстрируют, что в рассматриваемый период паломничество, наряду с религиозной практикой, стало сложным социальным явлением, тесно связанным с вопросами санитарной безопасности, международной миграции и имперского управления.

Ключевые слова: хадж, санитарный контроль, карантин, эпидемия, общественное здравоохранение, Российская империя, казахское общество.

Благодарности: Статья подготовлена в рамках реализации проекта грантового финансирования Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан «Модернизация популярных нарративов в истории Казахстана методами публичной истории» (ИРН AP23489355).

Для цитирования: Кабдолдина К.К., Кундакбаева Ж.Б. Между религиозным долгом и эпидемиологическими угрозами: санитарный надзор и трудности хаджа в конце XIX – начале XX в. // Отан тарихы. 2026. Т. 29. № 1. С. 367–377. [на каз. яз.]. DOI: 10.51943/2788-9718_2026_29_1_367-377

Кіріспе. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қажылық мұсылман әлеміндегі ең маңызды діни тәжірибе ретінде исламның бес парызының бірі саналды. Мекке қаласына сапар Ресей империясы құрамындағы мұсылмандар, соның ішінде далалық өңірлердегі қазақ халқы үшін тек рухани міндет емес, сонымен бірге ұзақ қашықтықтарды, түрлі әкімшілік шекаралар мен көлік маршруттарын бағындыруды талап ететін күрделі әрі ұзақ сапар болды.

XIX ғасырдың екінші жартысында қажылық қозғалысы халықаралық көші-қон үдерістерімен тығыз байланысып, эпидемиологиялық қауіп-қатерлермен қатар қарастырыла бастады. Әсіресе жұқпалы аурулардың, соның ішінде холера індетінің таралуы қажылықты мемлекеттік және халықаралық санитарлық институттардың назарындағы мәселеге айналдырды. Адамдардың көп шоғырлануы, ұзаққа созылған теңіз және құрлық бағыттары, сондай-ақ жол бойындағы санитарлық жағдайлардың жеткіліксіздігі эпидемиялардың таралуына қолайлы жағдай қалыптастырды. Осындай жағдайда мемлекеттер қажылық қозғалысын бақылау мақсатында медициналық тексерулерді, карантиндік шараларды және әкімшілік шектеулерді енгізу арқылы арнайы санитарлық қадағалау жүйесін қалыптастыруға ұмтылды.

Зерттеудің өзектілігі діни тәжірибелер мен мемлекеттік биологиялық қауіпсіздік жүйелерінің өзара іс-қимылының тарихи тәжірибесін қайта пайымдау қажеттілігімен байланысты. XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басында қажылық тек рухани сапар аясынан шығып, жаһандық эпидемиологиялық қауіп факторына айналды. Бұл жағдай империялық және ұлттық әкімшіліктерді санитарлық бақылаудың қатаң шараларын енгізуге мәжбүр етті.

XIX ғасырдағы қажылық қозғалысы мен оған байланысты санитарлық бақылау мәселелері шетелдік тарихнамада бірқатар зерттеушілердің еңбектерінде қарастырылған. Солардың ішінде қажылықты кейінгі империялық кезеңдегі мемлекеттік саясат пен санитарлық бақылау тұрғысынан талдаған маңызды зерттеулердің бірі Елена И. Кэмпбеллдің еңбегі болып табылады [Campbell, 2014: 239–268]. Автор Ресей империясында қажылық мәселесі «қажылар мәселесі» (pilgrim question) ұғымы аясында қарастырылғанын атап көрсетеді. Оның пікірінше, бұл мәселе саяси, діни, медициналық және экономикалық мүдделердің тоғысында қалыптасқан күрделі құбылыс болды. Зерттеуде ресейлік дәрігерлер мен шенеуніктердің қажылық сапарының санитарлық жағдайына қатысты көзқарастары талданып, қажылардың көптігі, санитарлық талаптардың сақталмауы, таза судың және медициналық көмектің жетіспеуі эпидемиялық аурулардың таралуына қолайлы орта қалыптастырғаны көрсетіледі. Сонымен қатар, қажылықтың халықаралық саясат пен санитарлық бақылау жүйесіндегі орны Уильям Р. Рофф еңбектерінде де қарастырылған [Roff, 2017: 365–382]. Зерттеуші XIX ғасырда қажылық қозғалысы еуропалық державалардың саяси және санитарлық мүдделерімен тығыз байланыста болғанын атап өтеді. Автордың пікірінше, бұл кезеңде қажылық тек діни құбылыс қана емес, сонымен қатар халықаралық сауда, теңіз қатынастары және көші-қон жүйесінің маңызды элементіне айналды. Азиядан Араб елдері арқылы Еуропаға тараған холера індетінің қауіп халықаралық деңгейде санитарлық бақылау шараларын енгізуге түрткі болды. Осы тұрғыдан алғанда, қажылық қозғалысын бақылау тек медициналық қажеттілік қана емес, империялық саясаттың бір бөлігі ретінде қарастырылды.

Осы зерттеулерге сүйене отырып, бұл мақаланың мақсаты – XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Ресей империясында қажылыққа қатысты қалыптасқан санитарлық бақылау жүйесін талдау, сондай-ақ исламның қасиетті жерлеріне барар жолда мұсылман қажыларының, соның ішінде қазақтардың басынан өткерген қиындықтарын анықтау болып табылады. Зерттеуде діни тәжірибе мен мемлекеттік санитарлық саясаттың өзара байланысына, сондай-ақ эпидемиологиялық қауіптердің қажылықты ұйымдастыру мен қажылардың жеке тәжірибесіне қалай әсер еткеніне ерекше назар аударылады.

Материалдар мен әдістер. Зерттеуде архив құжаттары, әкімшілік есептер, мерзімді баспасөз материалдары, сондай-ақ мемуарлық және әдеби деректер пайдаланылды. Талдау барысында тарихи-

салыстырмалы, деректанулық және аналитикалық әдістер қолданылып, ресми саясат пен қоғамдық тәжірибенің өзара байланысы қарастырылды.

Зерттеу барысында негізгі дереккөздердің бірі ретінде Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивінде сақталған құжаттар пайдаланылды. Бұл құжаттар эпидемиялық қауіптердің таралуына байланысты енгізілген шектеулердің сипатын, сондай-ақ жергілікті басқару құрылымдарының бұл саясатты жүзеге асырудағы рөлін анықтауға көмектесті.

Сонымен қатар зерттеуде сол кезеңдегі мерзімді баспасөз материалдары кеңінен қолданылды. Атап айтқанда, «Киргизская степная газета» [ҚР ОМА. 64-қ., 1-т., 2010-іс, 59-п.] және «Қазақ газеті» [«Қазақ» газеті..., 2023] жарияланған мақалалар қазақ қоғамында жұқпалы аурулар мен санитарлық шараларға қатысты қоғамдық пікірдің қалыптасуын талдауға мүмкіндік береді.

Зерттеуде сондай-ақ жеке естеліктер мен әдеби шығармалар дереккөз ретінде қарастырылды. Мысалы, XIX ғасырдың соңында қажылық сапарына барған белгісіз қазақтың қолжазбасы қажылық жолындағы санитарлық жағдайлар мен карантиндік шаралардың практикалық қырларын сипаттайды. Сонымен қатар М. Көпейұлының шығармалары [Көпейұлы, 2013] арқылы карантиндік бақылау жүйесінің қазақ қоғамының күнделікті тәжірибесінде қалай қабылданғанын талдауға мүмкіндік туды. Мұндай әдеби және мемуарлық деректер ресми құжаттарда толық көрінбейтін әлеуметтік және мәдени қабылдау аспектілерін ашуға көмектеседі.

Зерттеу барысында тарихи талдау, салыстырмалы әдіс және деректанулық талдау тәсілдері қолданылды. Тарихи талдау әдісі арқылы Ресей империясының қажылыққа қатысты санитарлық саясатының қалыптасу кезеңдері қарастырылды. Салыстырмалы талдау әдісі мемлекеттік құжаттарда көрсетілген әкімшілік шараларды жергілікті қоғамның тәжірибесі мен қабылдау ерекшеліктерімен салыстыруға мүмкіндік берді. Ал деректанулық талдау пайдаланылған құжаттардың мазмұнын, шығу тегін және тарихи контекстін анықтауға бағытталды.

Талқылау. XIX ғасырдың екінші жартысында Меккеге жасалатын жаппай мұсылмандық қажылық тек діни тәжірибе ғана емес, сонымен қатар күрделі санитарлық-эпидемиологиялық қауіптермен байланысты халықаралық құбылысқа айналды. Әлемнің әртүрлі өңірлерінен келген адамдардың үлкен топтары шектеулі кеңістікте шоғырлануы, Хиджаз аймағының ыстық әрі құрғақ климаты, сондай-ақ сол кезеңдегі медициналық ғылым мен халықаралық санитарлық келісімдердің жеткілікті деңгейде қалыптаспауы қажылық сапарын инфекциялық аурулардың таралуына қолайлы жағдайға айналдырды.

Бұл мәселе көптеген зерттеушілердің назарын аударды. Мысалы, профессор А. Павловский эпидемиялық процестердің динамикасын талдай отырып, инфекцияның империя аумағында таралуы қажылар топтарының қозғалыс қарқынымен тығыз байланысты болғанын көрсетеді [Павловская, 1893]. Оның пікірінше, ұзақ қашықтықтарға қозғалған мұндай мобильді топтар инфекциялық аурулардың «эпидемиялық толқындарын» қалыптастырып, олардың бәсеңдеуі көбіне халық арасында табиғи иммунитеттің біртіндеп қалыптасуымен байланысты болды.

Холера эпидемиялары бұл қауіптің нақты көрінісін айқын көрсетті. XIX ғасырдың соңындағы «Ұлы холера» кезеңінде қажылық жолдарында және Хиджаз аймағында көптеген адам шығыны тіркелді. Мысалы, 1883 жылы Меккеде холера салдарынан Ресей империясының 651 азаматы қайтыс болды. Ал 1893 жылғы эпидемия одан да ауқымды сипат алып, 27 мамыр мен 8 шілде аралығында шамамен 50 мыңға жуық қажының өмірін қиды [Ханмагомедов, 2011: 37–45.]. Ресми деректерде Ресей мен Бұхарадан келген шамамен 700 адамның қаза тапқаны көрсетілгенімен, індеттің шарықтау кезеңінде нақты статистикалық есеп жүргізу мүмкін болмағандықтан, бұл көрсеткіштер толық шындықты бейнелей бермейді.

Қажылық сапарды толықтай зерттеп, бақылау үшін Ресей билігі арнайы зерттеу жұмыстарын жүргізді. Солардың ішінде штабс-капитан Әбділ-Өзіз Дәулетшиннің Хиджазға жіберілген қызметтік сапары ерекше орын алады [Давлетшин, 1899]. Оның 1899 жылы жарияланған есебінде қажылардың қозғалыс бағыттары, теңіз тасымалының ерекшеліктері және қажылар өтетін карантиндік пункттердің қызметі жан-жақты сипатталған. Дәулетшин Қызыл теңіз бен Жерорта теңізі порттарындағы санитарлық бақылау жүйесіне, әсіресе Тор мен Бейруттағы карантиндік станциялардың қызметіне ерекше назар аударады. Оның бақылауына қарағанда, келген қажылар міндетті медициналық тексеруден өтіп, белгілі бір уақыт карантин аймақтарында ұсталған, ал олардың жүктері дезинфекциялық өңдеуден өткізілген.

Сонымен қатар, Дәулетшиннің баяндамасы карантиндік жүйенің бірқатар ұйымдастырушылық қиындықтарын да көрсетеді. Көп жағдайда лагерьлердің шамадан тыс толуы, медициналық қызметтің

жеткіліксіздігі және азық-түлік бағасының жоғары болуы қажылар үшін қосымша қиындықтар туғызды. Мұндай жағдайлар санитарлық бақылау жүйесінің ресми түрде қалыптасқанына қарамастан, оның іс жүзіндегі тиімділігі әрдайым бірдей болмағанын көрсетеді.

Дәулетшин миссиясының нәтижелері Ресей үкіметі тарапынан оң бағаланып, қажылыққа қатысты мемлекеттік саясаттың біртіндеп өзгеруіне ықпал етті. XIX ғасырдың соңына дейін қажылық көбіне әкімшілік шектеулер мен бақылау объектісі ретінде қарастырылса, XX ғасырдың басына қарай билік бұл құбылысты реттеу мен ұйымдастыруға көбірек көңіл бөле бастады. Соның нәтижесінде қажылар үшін шетелдік паспорт алу бажының төмендеуі және арнайы рәсімдердің енгізілуі сияқты шаралар қабылданды.

1903 жылы Паспорттар туралы жарғыға мұсылман қажыларына арналған арнайы уақытша ережелер енгізілді [Гафиятуллина, 2019]. Бұл ережелерге сәйкес ислам дінін ұстанушыларға қажылық сапарына шығу үшін ерекше үлгідегі паспорттар берілді. Сонымен қатар паспортты алу үшін міндетті түрде медициналық тексеруден өтуі және санитарлық тазарту процедураларынан өтуі талап етілді. Бұл шаралардың орындалуын карантиндік және дәрігерлік-бақылау мекемелері қадағалауға тиіс болды.

Осылайша XX ғасырдың басында Ресей билігі қажылық қозғалысын тек әкімшілік бақылау объектісі ретінде қарастырумен шектелмей, оны ұйымдастыру мен реттеу ісіне белсенді түрде араласа бастады. Бұл саясаттың мазмұнын дипломатиялық деректер де айқындайды. Мәселен, 1911 жылы Ресейдің Стамбулдағы елшісі Николай Чарыков Ресей үкіметі қажылық сапарын ұйымдастыруға тек өз азаматтары үшін ғана емес, сонымен қатар Ресей теміржолдары мен пароход желілерін пайдаланып Меккеге аттанатын көршілес Орталық Азия аймақтарының мұсылмандары үшін де қолдау көрсететінін атап өткен [Арапов, 2002: 148–164].

Осы мәселелерді ескере отырып, Ресей империясы қажылық қозғалысын бақылау үшін құрылған санитарлық пункттер жүйесін XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап XX ғасырдың басына дейін жүйелі түрде пайдаланды. Халықаралық санитарлық конференциялардың шешімдері мен империялық әкімшілік реформалар нәтижесінде Феодосия, Батум, Одесса сияқты теңіз порттарында арнайы дәрігерлік-бақылау станциялары ұйымдастырылып, қажылардың қозғалысын тіркеу, медициналық тексеру және карантиндік шараларды жүргізу міндеттелді. Алайда бұл жүйе толыққанды тиімді жұмыс істей алмады. Бір жағынан, қажылыққа тыйым салу әрекеттері жасырын сапарлардың көбеюіне алып келсе, екінші жағынан енгізілген реттеу шаралары коммерциялық тасымалдаушылардың мүдделерімен және әкімшілік бақылаудың шектеулі мүмкіндіктерімен қайшылыққа түсті. Соған қарамастан санитарлық бақылау пункттері патшалық биліктің соңына дейін, яғни 1917 жылғы революциялық өзгерістерге дейін қолданылып, империяның мұсылман халықтарының халықаралық қозғалысын әкімшілік әрі медициналық тұрғыдан реттеуге бағытталған негізгі тетіктерінің бірі болып қала берді.

Нәтижелер. *Қажылық маршруттары және империялық санитарлық бақылау жүйесінің қалыптасуы.* XIX ғасырдың соңында Меккеге бағытталған қажылық қозғалысы бірнеше ірі құрлық және теңіз маршруттары арқылы жүзеге асты. Қажылық керуендері әртүрлі аймақтардан шығып, белгілі бағыттар бойынша Хиджазға жететін. Сирия керуені Дамаскіден басталып, Бейрут теңіз портымен байланысқан жол арқылы Хедиф пен Мәдина арқылы өтетін. Мысыр немесе Каир керуені Каир қаласынан шығып, Ақаба арқылы Қызыл теңіз жағалауымен жалғасатын. Бағдад немесе Месопотамия керуені Мәдина бағытына қарай бағытталса, Парсы шығанағы керуені Нежд аймағынан, Аджар мен Бедадан Рияд арқылы Меккеге жететін. Сонымен қатар Үнді мұхиты бағытындағы Йемен керуені Мукаладан Саад-Ассир арқылы Меккеге дейін қозғалып, оған Сана қаласынан шығатын шағын керуен қосылатын. Осы негізгі бағыттардың алғашқы төртеуінде қажылықтан қайтқан адамдарды тексеру мақсатында арнайы санитарлық-карантиндік кордондар ұйымдастырылды [Сибгатуллина, 2010: 190]. Мұндай шаралар жұқпалы аурулардың таралуын шектеуге бағытталған халықаралық санитарлық саясаттың бір бөлігі ретінде көрсетті.

Ресей империясының құрамында миллиондаған мұсылман халықтарының болуы билікті олардың сыртқы діни орталықтармен байланысына ерекше назар аударуға мәжбүр етті. Әсіресе Мекке мен Мәдина орналасқан Осман империясы ислам әлемінің маңызды саяси және діни орталығы ретінде қарастырылды. Бұл кезеңде Осман сұлтаны Абдулхамид II панисламизм идеясын қолдап, мұсылман халықтарының бірлігін нығайтуға ұмтылды. Мұндай жағдай Ресей әкімшілігінде империя мұсылмандарының Осман ықпалына түсуі мүмкін деген алаңдаушылық тудырды. Бұл жағдайды сол кезеңдегі әкімшілік және миссионерлік есептерде де айқын көрінді. Мәселен, Семей облысының

православие епископы 1893 жылғы есебінде дала аймағында татар, бұхар және түрік саяхатшыларының жиі келетінін атап өтеді [ҚР ОМА. 64-қ., 1-т., 2-к. 3155-іс]. Құжатта олардың негізгі мақсаты қазақтар арасында исламды насихаттау болғаны көрсетіледі. Есепте әсіресе Осман империясынан келген түрік саяхатшыларының қызметіне ерекше назар аударылып, олардың жыл сайын далаға келіп, жергілікті халық арасында Меккеге қажылыққа барушыларды жинаумен айналысатыны айтылған. Ал, түркі-мұсылман халықтары үшін Мекке ислам дінінің қасиетті рухани орталығы болса, Ыстамбұл ұзақ уақыт бойы ислам әлемінің саяси және мәдени орталықтарының бірі ретінде маңызды рөл атқарды. Мысалы, 1890 жылы жазылған белгісіз қазақтың қолжазбасында Ыстамбұл қаласы ерекше мәнге ие орын ретінде сипатталады [Ислам в Казахстане..., 2009: 81]. Автор Рамазан айында Осман сұлтанының жұма намазына қатысу дәстүрін және қаланың ірі мешіттеріндегі діни өмірдің ерекшеліктерін атап өтеді. Сондықтан қазақ қажыларының сапар жолында Ыстамбұлдың болуы тек географиялық қажеттілік емес, сонымен қатар түркі-мұсылман әлемімен рухани және саяси байланыс орнатудың маңызды кезеңі ретінде көрінді.

Мемлекет мұсылман халықтарының қажылық сапарына кейбір кезеңдерде рұқсат беріп, ал эпидемиялық немесе саяси жағдайларға байланысты шектеулер енгізіп отырды. ХІХ ғасырдың соңында эпидемиялық қауіптердің күшеюі бұл саясаттың қатая түсуіне әсер етті. Мысалы, 1889 жылы оба мен тырысқақ індетінің таралу қаупіне байланысты полиция департаменті «қасиетті жерлерге құлшылық жасау үшін Түркия мен Персияға баратын мұсылмандарға төлқұжат беруді арнайы бұйрық шыққанға дейін тоқтату» туралы шешім қабылдады [Нуриманов, 2019: 74-88]. Кейінірек 1896–1900 жылдары Үндістанда оба індетінің таралуына байланысты Ресей әкімшілігі мұсылмандардың Мекке мен Мәдинаға қажылық сапарына уақытша тыйым салды. Осы жағдайдан кейін Николай II жарлығымен обаға қарсы арнайы комиссия құрылып, оны Александр Петрович Ольденбургский басқарды. Комиссия қажылықтың инфекциялық аурулардың таралуындағы рөлін зерттеп, санитарлық бақылау жүйесін жетілдіруге бағытталған ұсыныстар әзірледі.

Дегенмен мұндай шектеулер қажылық қозғалысын толық тоқтата алмады. Консулдық мәліметтерге сәйкес, 1894 жылы Ресейден Жидда арқылы келген 3 349 қажы тіркелген [Сибгатуллина, 2010: 201], ал басқа бағыттар арқылы келгендердің нақты саны белгісіз болып қалған. Көптеген аймақтарда бақылау агенттерінің болмауына байланысты қажылар ағынын толық есепке алу мүмкін болмады. Сонымен қатар барлық қажылар ресми төлқұжатпен сапарға шықпаған. Бұл жағдайды қазақ қоғамындағы қажылық тәжірибесін сипаттайтын әдеби-тарихи деректер де жанама түрде дәлелдейді. Соның бірі Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының жазған «Шонтыбай қажы» шығармасы [Көпейұлы, 2013]. Шығарманың соңында көрсетілген дерек бойынша ол 1893 жылы жазылған. Демек, онда сипатталған қажылық сапары осы кезеңге жақын уақытқа, шамамен 1892–1893 жылдардағы қажылық маусымына сәйкес келеді. Мәтінде «Жылында қажы-әкбәр қажыға барған...» [Көпейұлы, 2013] деген жолдар кездеседі. ХІХ ғасырдың соңында мұндай сәйкестік 1893 жылға сәйкес келеді, сондықтан поэмада сипатталған сапар сол жылғы қажылықпен байланысты болуы мүмкін. Сонымен қатар шығармада нақты теңіз порттары көрсетілмегенімен, түйемен жүру, шөлейт аймақтар арқылы керуендік жолмен қозғалу және бәдәуилердің аталуына қатысты сипаттамалар қажылардың Араб түбегінде дәстүрлі керуен жолдарын пайдаланғанын аңғартады. Бұл өз кезегінде кейбір қажылардың ресми әкімшілік бақылаудан тыс маршруттарды да қолданғанын көрсетеді.

Зерттеуші А. Сибгатуллина Ресей үкіметі ұзақ уақыт бойы мұсылмандардың қажылық мәселесін жүйелі түрде реттеумен жеткілікті деңгейде айналыспағанын атап өтеді. Оның пікірінше, шетелдік паспорттарды беру тәртібі бойынша нақты нормативтік-құқықтық актілер әзірленбеген, ал көптеген қажылар ХХ ғасырдың басына дейін шекарадан бұрынғыдай ұйымдастырылмаған және бақылаусыз жолдар арқылы өтіп отырған [Сибгатуллина, 2010: 188].

Осындай жағдайлар билікті толық тыйым салу саясатын қайта қарауға мәжбүр етті. Ішкі істер министрлігінің Медициналық департаменті дайындаған 1900 жылғы 31 желтоқсандағы циркулярында 1901 жылдан бастап мұсылмандардың Мекке мен Мәдинаға қажылық сапарына белгілі шарттар негізінде қайтадан рұқсат беру туралы шешім жарияланды [ҚР ОМА. 64-қ., 1-т., 2205-іс]. Бұл шешім оба індетіне қарсы күрес жөніндегі арнайы комиссияның ұсыныстары негізінде қабылданды. Құжатқа сәйкес, қажылыққа баратын мұсылмандарға паспорт беру кезінде олар Хиджазға тек Ресейдің Қара теңіз порттары арқылы теңіз жолымен барып, елге дәл сол жолмен оралуға міндеттелді. Қажылардың империя аумағына қайтуы тек Феодосия мен Батум порттары арқылы жүзеге асырылуы тиіс болды.

Осылайша, XIX ғасырдың соңында Меккеге бағытталған қажылық қозғалысы кең ауқымды халықаралық маршруттар жүйесі арқылы жүзеге асқан күрделі құбылыс болды. Ресей империясы үшін қажылық мәселесі тек санитарлық қауіпсіздікпен ғана емес, сонымен қатар саяси және идеологиялық факторлармен де тығыз байланысты болды. Империя құрамындағы мұсылман халықтарының Мекке мен Мәдина сияқты қасиетті орталықтармен байланысы, сондай-ақ Осман мемлекетінің панисламизм саясаты Ресей әкімшілігінің алаңдаушылығын туғызды.

Бұл алаңдаушылықтың негізсіз еместігін нақты тарихи оқиғалар дәлелдейді. Қажылық маршруттары уақыт өте келе діни сапардың шеңберінен шығып, саяси ұйымдастыру арнасына айнала бастады. 1912–1913 жылдардағы Балқан соғысы кезінде Ресей мұсылмандары Ыстамбұлға жасырын өтіп, Осман армиясына ерікті көмек көрсетті. Мәселен, Торғай облысынан шыққан «Ғалия» медресесінің қазақ шәкірті Достыжанов жалған түрік паспортымен шекарадан өткенін өз хатында тікелей баяндайды [Сибгатуллина, 2010: 130]. Бұл факт санитарлық және паспорттық бақылау жүйесін айналып өтудің іс жүзінде мүмкін болғанын, сондай-ақ осы жүйенің олқылықтарын айқын көрсетеді. Сондықтан билік үшін санитарлық бақылау тек медициналық қажеттілік емес, империя мұсылмандарының сыртқы саяси байланыстарын реттеудің маңызды тетігіне айналды.

Қазақ қажыларының тәжірибесі және карантиндік шараларды қабылдау ерекшеліктері. Қажылық сапары XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қазақ мұсылмандарының діни өміріндегі маңызды құбылыстардың бірі болды. Қажылардың алыс сапарға шығуы, әртүрлі әкімшілік шекаралардан өтуі және халықаралық теңіз бағыттарын пайдалануы мемлекеттік органдар тарапынан арнайы тіркеу, шетелдік паспорт беру және медициналық тексеру сияқты рәсімдердің енгізілуіне алып келді. Осындай жағдайда қазақ қажыларының сапары діни міндетті орындаумен қатар бюрократиялық талаптар мен санитарлық шектеулерге бейімделу тәжірибесімен қатар жүрді.

Қарастырылып отырған кезеңде қазақ даласынан қажылыққа барған адамдардың нақты санын анықтау қиын болғанымен, архивтік материалдар олардың тұрақты түрде жүзеге асқанын көрсетеді. Мәселен, архивтік материалдарға сәйкес 1901–1913 жылдар аралығында Павлодар уезінің өзінен ғана Мекке мен Мәдинаға бару үшін шетелдік паспорт алған адамдардың саны шамамен 380–400 адамды құраған [ҚР ОМА. 64-қ., 1-т., 2-кітап. 2655-іс, 117-п.]. Деректерге қарағанда қажылық қозғалысының ең белсенді кезеңдерінің бірі 1901 жылға сәйкес келеді. Осы жылдың өзінде 130-дан астам адам қажылыққа бару үшін паспорт рәсімдеген [ҚР ОМА. 64-қ., 1-т., 2-кітап. 982-іс, 107-п.]. Кейінгі жылдары да бұл үрдіс жалғасып, 1905 жылы шамамен 74 адам [ҚР ОМА. 64-қ., 1-т., 2-кітап. 2339-іс, 228-п.], ал 1908 жылы жекелеген болыстардан ондаған адам қажылық сапарына аттанғаны тіркелген [ҚР ОМА. 64-қ., 1-т., 2-кітап. 2454-іс, 200-п.]. Бұл мәліметтер қазақ даласында қажылықтың кең таралған діни тәжірибе болғанын және оған қатысушылар санының бір уездің өзінде бірнеше жүз адамға жеткенін көрсетеді.

XIX ғасырдың соңында оба індетінің таралу қаупі Ресей империясының мұсылман халықтарының қажылық сапарына қатысты саясаты Дала өлкесінен де айқын көрініс тапты. Мысалы, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінде сақталған құжаттардың бірінде Дала генерал-губернаторының мұсылман халқына арналған арнайы хабарландыруы жарияланған. Құжатта 1896 жылдың соңында Бомбей қаласында оба індетінің пайда болып, кейін бүкіл Үндістан аумағына таралғаны айтылған. Осыған байланысты Ресей үкіметі індеттің империя шекарасына өтіп кету қаупінен сақтану мақсатында бірқатар санитарлық шаралар қабылдаған [ҚР ОМА. 64-қ., 1-т., 769-іс, 49-п.].

Сонымен қатар құжатта Үндістан үкіметінің де індеттің таралуына байланысты Бомбей және Карачи порттарында қасиетті жерлерге баратын мұсылман қажыларын кемелерге отырғызуды тоқтатқаны атап өтіледі. Осындай жағдайларды ескере отырып, Дала генерал-губернаторы Ақмола, Семей және Жетісу облыстарының мұсылман халқына қажылық сапарын уақытша тоқтату туралы ресми түрде хабарлаған. Хабарландыруда бұл шараның уақытша сипатта екені және індет жойылғаннан кейін Мекке мен Мәдинаға баруға рұқсат бұрынғыдай беретінін айтады. Сонымен бірге құжатта болыстық басқарушыларға, ауыл старшындарына, халық соттарына және молдаларға бұл шешімді халыққа түсіндіру міндеті жүктелген. Бұл дерек Ресей әкімшілігінің санитарлық саясатты жүзеге асыруда жергілікті басқару жүйесін және мұсылман дінбасыларын ақпараттық құрал ретінде пайдаланғанын көрсетеді. Яғни билік тек әкімшілік тыйым салумен шектелмей, оны халыққа түсіндіру үшін дәстүрлі билік институттарын да тартуға тырысқан.

Дала өлкесіндегі халықтың мұндай шектеулерге қалай қарағанын басқа архив деректері де көрсетеді. Мысалы, «Киргизская степная газета» редакциясының құжаттарында қазақтардың

қажылық сапарына қатысты ақпаратқа ерекше қызығушылық танытқаны байқалады. Газет редакторы мен түрлі тұлғалар арасындағы хат алмасуда қазақтардың Меккеге баратын жолдарда карантиндік бекеттердің бар-жоғын нақты білгісі келгені айтылады. Сондықтан редакциядан Меккеге баратын жолдардағы оба мен тырысқақ сияқты жұқпалы аурулар туралы ақпаратты газет бетінде жүйелі түрде жариялап отыру сұралған [ҚР ОМА. 64-қ., 1-т., 769-іс, 49-п.].

Бұл дерек қазақ қоғамы халықаралық эпидемиялық жағдай мен санитарлық шектеулер туралы ақпаратқа бейжай қарамағанын және халық қажылық сапарына қатысты ресми ақпаратты мерзімді баспасөз арқылы алуға тырысқан. Ол әсіресе XX ғасырдың басында қазақ қоғамында жұқпалы аурулармен күрес және санитарлық білімді тарату мәселелері ұлттық мерзімді баспасөзде де кеңінен талқылана бастады. Егер XIX ғасырдың соңында бұл мәселе көбіне мемлекеттік циркулярлар мен ресми хабарландырулар арқылы реттелсе, XX ғасырдың басында қазақ зиялылары мен журналистері оны қоғамдық пікір деңгейінде көтеріп, халық арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізуге тырысты. Осы тұрғыдан алғанда, Қазақ газеті қазақ қоғамында санитарлық-ағартушылық ойдың қалыптасуына ықпал еткен маңызды ақпараттық алаңға айналды. 1913 жылғы 6 сәуірде жарияланған мақалада студент Есенғали Қасаболатов оба індетінің шығу тегі мен таралу жолдарын ғылыми тұрғыдан түсіндіруге талпыныс жасайды [«Қазақ» газеті..., 2023: 67]. Автордың пікірінше, бұл ауру адамзат тарихында өте ерте кезеңдерден белгілі болған және бірнеше ірі эпидемияларға себеп болған. Мысалы, мақалада VI ғасырдағы Юстиниан обасы туралы мәліметтер келтіріліп, індеттің Мысыр аумағынан таралып, кейін Түркия, Испания және Италия аймақтарына жеткені атап өтіледі. Сонымен қатар індеттің кейінірек Мекке мен Мәдина қалаларына таралғаны көрсетіліп, қажылық қозғалысы арқылы аурудың әртүрлі өңірлерге таралу ықтималдығы туралы пікір айтылады. Автор Қытайдағы «қара шума» індетінің де қажылықтан оралған адамдар арқылы Азияның басқа аймақтарына тарағаны туралы түсініктер болғанын жазады. Бұл деректер қазақ қоғамында жұқпалы аурулардың таралуын түсіндіруде қажылық қозғалысының ықтимал рөліне назар аударылғанын көрсетеді.

Сонымен қатар бұл деректер билік пен жергілікті мұсылман қоғамы арасындағы өзара әрекеттестіктің күрделі сипатын ашып береді. Бір жағынан әкімшілік шектеулер енгізілсе, екінші жағынан халықтың қажылыққа деген қызығушылығы сақталып, олар бұл мәселеге қатысты ақпаратты әртүрлі арналар арқылы алуға ұмтылды.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында енгізілген санитарлық талаптар қазақ қоғамында біржақты қабылданған жоқ. Исламдық дәстүрлер мен діни тәжірибелер тұрғысынан қарағанда, кейбір санитарлық рәсімдерге қазақтар сақтықпен әрі күмәнмен қарады. Қажыларды міндетті түрде моншада жуындыру, киім-кешек пен жеке заттарды арнайы дезинфекциялық камераларда өңдеу сияқты шаралар жергілікті мұсылман қауымдарының күнделікті діни тәжірибесіне тән емес еді. Сондықтан бұл талаптар кей жағдайда ислам нормаларына сәйкестігі тұрғысынан талқыланып, белгілі бір дәрежеде күдік тудырды. Қазақ қажылары мұндай шараларды көбіне абайлап қабылдап, олардың діни тұрғыдан рұқсат етілуі немесе қажеттілігі туралы пікірлер қалыптастырды.

Карантиндік іс-шаралардың маңызды элементтерінің бірі қажылардың жеке заттарын дезинфекциялау болды. Осы мақсатта карантиндік станциялар аумағында арнайы дезинфекциялық камералар мен қоймалар салынды. Бұл орындарда қажылардың жүктері санитарлық өңдеуден өткізіліп, жұқпалы аурулардың таралу қаупін азайтуға бағытталған бақылау шаралары жүзеге асырылды. Сонымен қатар елге оралған қажылар міндетті түрде карантиндік мекемелерде санитарлық тексеруден өтуі тиіс болды. Бұл шараларға моншада жуыну, киім-кешек пен жеке заттарды дезинфекциялау сияқты рәсімдер кірді. Санитарлық өңдеуден өткенін растайтын белгі қажылардың паспорттарына арнайы мөр арқылы тіркелді. Егер мұндай белгі болмаған жағдайда, ол адамның санитарлық бақылаудан өтпегені немесе одан жалтарғаны деп есептеліп, оған әкімшілік жаза қолданылуы мүмкін еді.

1890 жылы қажылыққа барған белгісіз қазақтың естелігі бұл сапардың санитарлық тұрғыдан қаншалықты қауіпті болғанын көрсететін маңызды дереккөздердің бірі болып табылады. Қолжазбада автор қажылық кезінде оба індетінің таралғанын және көптеген қажылардың осы аурудан қайтыс болғанын атап өтеді. Сонымен қатар автор Джидда маңында арнайы карантиндік шаралар қолданылғанын жазады. Оның айтуынша, кейбір жерлерде қажыларды түтін арқылы зарарсыздандыру жүргізіліп, адамдарды 10 немесе 20 күнге дейін карантинде ұстайтын болған [Ислам в Казахстане..., 2009: 78].

Алайда мұндай қатаң санитарлық талаптар қажылар үшін әрдайым қолайлы бола бермеген. Ұзақ уақыт карантинде ұстау, жеке заттарды міндетті түрде өңдеу және әкімшілік бақылаудың күшеюі

кейбір қажыларды ресми бақылау пункттерін айналып өтіп, тексеріс жүргізілмейтін жолдарды пайдалануға итермеледі. Соның нәтижесінде кейбір қажылар негізгі карантиндік бекеттерден тыс, бақылауы әлсіз бағыттармен жүруге тырысқан. Бұл жағдай бір жағынан халықаралық санитарлық жүйенің барлық бағыттарды толық қамти алмағанын көрсетсе, екінші жағынан қажылық сапарын орындауға ұмтылған мұсылман қауымының әкімшілік және санитарлық кедергілерді айналып өтуге талпынғанын байқатады.

Мәселені дала өлкесінің көзқарасы тұрғысынан қарастыруға мүмкіндік беретін дереккөздердің бірі Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Жантемір қажы» дастаны. Шығармада қажылық сапары барысында кездесетін санитарлық-карантиндік шаралар қысқа болса да нақты көрініс табады. Дастанда Жантемір қажы ауыр халде жүрген кезде карантинге түсетіні баяндалады. Автор қажылардың санитарлық бақылауға алынуын былай сипаттайды:

«Тамам қажы жеті күн карантин боп,
Тұтқын болып дәрігерге қолға түсті». [Көпейұлы, 2013]

Бұл жолдар қажылардың міндетті медициналық тексерістен өтіп, белгілі бір мерзім карантинде ұсталғанын көрсетеді. Автор карантинді арнайы талдап түсіндірмесе де, оны қажылық сапары барысында кездесетін қиындықтардың бірі ретінде бейнелейді. Әсіресе «тұтқын болып» деген тіркес санитарлық шаралардың қажылар тарапынан еріксіз, кейде ауыр әкімшілік рәсім ретінде қабылданғанын білдіреді.

Осы тұрғыдан алғанда, Дала өлкесіндегі қажылық қозғалысы тек діни тәжірибе ғана емес, сонымен қатар империялық әкімшілік саясат, халықаралық санитарлық талаптар және жергілікті мұсылман қоғамының қабылдау тәжірибесі тоғысқан күрделі әлеуметтік-тарихи құбылыс ретінде көрінеді.

Қорытынды. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Ресей империясының санитарлық саясаты қажылықты толық тоқтатуды емес, оны белгілі бір медициналық және әкімшілік шеңберде бақылауды мақсат етті. Қазақ қоғамында бұл шаралар біртіндеп ақпараттық қабылдау деңгейіне көтеріліп, ұлттық зиялылардың санитарлық-ағартушылық қызметінің бір бөлігіне айналды. Сонымен қатар, зерттеу барысында анықталғандай, санитарлық саясаттың жүзеге асырылуы тек орталық биліктің шешімдерімен шектелмей, жергілікті әкімшілік құрылымдар, консулдық қызметтер, сондай-ақ ақпараттық кеңістік арқылы жүргізілді. Архивтік құжаттар мен мерзімді баспасөз материалдары биліктің халыққа санитарлық талаптарды түсіндіру үшін дәстүрлі басқару институттарын болыстық басқарушыларды, ауыл старшындарын және мұсылман дінбасыларын тартқанын көрсетеді. Бұл өз кезегінде санитарлық саясатты жүзеге асыруда әкімшілік және әлеуметтік тетіктердің қатар қолданылғанын аңғартады.

Сонымен қатар қазақ қоғамының бұл саясатқа көзқарасы біржақты болмағаны байқалады. Бір жағынан, халық қажылық сапарына байланысты эпидемиялық жағдай туралы ақпаратқа қызығушылық танытып, мерзімді баспасөз арқылы санитарлық мәселелер жөнінде мәлімет алуға ұмтылды. Екінші жағынан, міндетті карантиндік шаралар, медициналық тексерулер және жеке заттарды дезинфекциялау сияқты рәсімдер дәстүрлі діни тәжірибеге тән болмағандықтан, кей жағдайда күмәнмен немесе сақтықпен қабылданды. Жеке естеліктер мен әдеби деректерде карантиндік шаралар қажылық сапары барысында кездесетін қосымша қиындықтардың бірі ретінде сипатталады.

Осылайша, қарастырылған кезеңдегі қажылық қозғалысы діни міндетті орындау тәжірибесі мен империялық әкімшілік саясаттың өзара тоғысқан кеңістігінде жүзеге асты. Санитарлық бақылау жүйесі эпидемиологиялық қауіптердің алдын алу мақсатында енгізілгенімен, ол сонымен қатар мемлекет пен мұсылман қоғамы арасындағы қатынастарды реттеудің маңызды құралына айналды. Бұл жағдай діни тәжірибелердің қоғамдық денсаулық сақтау саясаты мен мемлекеттік басқару механизмдерімен өзара байланысын көрсететін тарихи мысал ретінде маңызды ғылыми мәнге ие.

Деректер

ҚР ОМА – Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві

Әдебиеттер

Арапов, 2002 – *Арапов Д.Ю.* Русский посол в Турции Н.В. Чарыков и его «Заключение» по «мусульманскому вопросу» // Вестник Евразии. 2002. № 2. С. 148–164.

Гафиятуллина, 2019 – *Гафиятуллина И.* Как совершали хадж российские мусульмане в прошлом? // Russia-Islam World. 2019. 15 июля. URL: <https://russia-islamworld.ru/23b/>

- Давлетшин, 1899 – *Давлетшин А.* Отчет штабс-капитана Давлетшина о командировке в Хиджаз. СПб.: Военная типография, 1899.
- Ислам в Казахстане, 2009 – *Ислам в Казахстане: паломничество (XIX – начало XX вв.): сб. материалов / Рук. проекта Г.Р. Мухтарова; науч. ред. Н. Алимбай.* Алматы: Баспалар үйі, 2009. 640 с.
- Қазақ газеті, 2023 – *Қазақ газеті 1913 жыл / Құраст.: Ф. Әнес, Г. Замзаева.* Алматы: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2023. 67 б.
- Көпейұлы, 2013 – *Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы.* Шығармалары: 20 томдық. Павлодар: ЭКО, 2013. Т. 7. 37, 155-бб.
- Нуриманов, 2019 – *Нуриманов И.А.* Становление паломнических маршрутов мусульман Российской империи в Аравию во второй половине XIX – начале XX в. // Вестник Моск. Ун-та. Серия 13. Востоковедение. 2019. № 2. С. 74–88.
- Павловская, 1893 – *Павловская Л.* Холерные годы в России: исторический очерк. СПб.: Издание К. Л. Риккера, 1893. 92 с.
- Сибгатуллина, 2010 – *Сибгатуллина А.Т.* Контакты тюрок-мусульман Российской и Османской империй на рубеже XIX–XX вв. М., 2010. С. 188, 190, 201.
- Ханмагомедов, 2011 – *Ханмагомедов Я.М.* Хадж: социально-экономический и медико-эпидемиологический аспекты // Исламоведение. 2011. № 2. С. 37–45.
- Campbell, 2014 – *Campbell E.I.* The “Pilgrim Question”: Regulating the Hajj in Late Imperial Russia // *Canadian Slavonic Papers.* 2014. Т. 56. № 3–4. С. 239–268.
- Roff, 2017 – *Roff W.R.* Sanitation and security: the imperial powers and the nineteenth century Hajj // *The Rise and Fall of Modern Empires. Vol. I.* London: Routledge, 2017. Pp. 365–382.

Sources

QR OMA – Qazaqstan Respublikasy Ortalyq memleketlik arhivi [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]

References

- Arapov, 2002 – *Arapov D.Yu.* Russkii posol v Turtsii N.V. Charykov i ego «Zaklyuchenie» po «musul'manskomu voprosu» [Russian Ambassador to Turkey N.V. Charykov and His “Conclusion” on the “Muslim Question”]. *Vestnik Evrazii.* 2002. № 2. Pp. 148–164. [in Russian].
- Gafiyatullina, 2019 – *Gafiyatullina I.* Kak sovershali khadzh rossiiskie musulmane v proshlom? [How Did Russian Muslims Perform the Hajj in the Past?]. *Russia-Islam World.* 2019. 15 July. URL: <https://russia-islworld.ru/23b/> [in Russian].
- Davletshin, 1899 – *Davletshin A.* Otchet shtabs-kapitana Davletshina o komandirovke v Khidzhaz [Report of Staff Captain Davletshin on His Mission to the Hijaz]. Saint Petersburg: Voennaya tipografiya, 1899. [in Russian].
- Islam v Kazakhstane, 2009 – *Islam v Kazakhstane: palomnichestvo (XIX – nachalo XX vv.): sb. materialov* [Islam in Kazakhstan: Pilgrimage (19th – Early 20th Centuries): Collection of Materials]. Ruk. proekta G.R. Mukhtarova; nauch. red. N. Alimbai. Almaty: Baspalar uii, 2009. 640 p. [in Russian].
- Qazaq gazetі, 2023 – *Qazaq gazetі.* 1913 zhyl [Kazakh Newspaper. Year 1913]. Kurast.: G. Anes, G. Zamzaeva. Almaty: «Alashorda» qogamdyq qory, 2023. 67 p. [in Kazakh].
- Kopeiuly, 2013 – *Mashhur Zhusip Kopeiuly.* Shygarmalary: 20 tomdyq [Works: in 20 vols.]. Pavlodar: EKO, 2013. Vol. 7. Pp. 37, 155. [in Kazakh].
- Nurimanov, 2019 – *Nurimanov I.A.* Stanovlenie palomnicheskikh marshrutov musul'man Rossiiskoi imperii v Araviyu vo vtoroi polovine XIX – nachale XX v. [Formation of Pilgrimage Routes of Muslims of the Russian Empire to Arabia in the Second Half of the 19th – Early 20th Century]. *Vestnik Moskovskogo universiteta.* Seriya 13. Vostokovedenie. 2019. № 2. Pp. 74–88. [in Russian].
- Pavlovskaya, 1893 – *Pavlovskaya L.* Kholernye gody v Rossii: istoricheskii ocherk [Cholera Years in Russia: A Historical Sketch]. Saint Petersburg: Izdanie K. L. Rikкера, 1893. 92 p. [in Russian].
- Sibgatullina, 2010 – *Sibgatullina A.T.* Kontakty tyurok-musul'man Rossiiskoi i Osmanskoi imperii na rubezhe XIX–XX vv. [Contacts of Turkic Muslims of the Russian and Ottoman Empires at the Turn of the 19th–20th Centuries]. Moscow, 2010. Pp. 188, 190, 201. [in Russian].
- Khanmagomedov, 2011 – *Khanmagomedov Ya.M.* Khadzh: sotsial'no-ekonomicheskii i mediko-epidemiologicheskii aspekty [Hajj: Socio-Economic and Medical-Epidemiological Aspects]. *Islamovedenie.* 2011. № 2. Pp. 37–45. [in Russian].
- Campbell, 2014 – *Campbell E.I.* The “Pilgrim Question”: Regulating the Hajj in Late Imperial Russia. *Canadian Slavonic Papers.* 2014. Vol. 56. № 3–4. Pp. 239–268.
- Roff, 2017 – *Roff W.R.* Sanitation and Security: The Imperial Powers and the Nineteenth Century Hajj. *The Rise and Fall of Modern Empires. Vol. I.* London: Routledge, 2017. Pp. 365–382.

МАЗМҰНЫ/ СОДЕРЖАНИЕ/CONTENT
ОТАН ТАРИХЫ. 2026. Т. 29. № 1

| | |
|---|-----|
| <i>Касымова Д.Б., Капаева А.Т., Кудайбергеноулы Б.</i> О «ФЕОДАЛЬНО-БАЙСКИХ ПЕРЕЖИТКАХ» В КАЗАХСКОЙ ССР: ДИСКУРС, ПРАВО И ПРАКТИКИ..... | 5 |
| <i>Козина В.В., Уалтаева А.С., Баймагамбетова А.А.</i> СОЦИАЛЬНО-ДЕМОГРАФИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ МОНОГОРОДОВ КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ..... | 22 |
| <i>Мамраймов С.</i> КЕҢЕСТІК АГРАРЛЫҚ САЯСАТ АЯСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЖЫМДАСТЫРУ МЕН БАЙ-ШАРУАШЫЛЫҚТАРДЫ ТӨРКІЛЕУ (1928–1933 жж.)..... | 40 |
| <i>Turgunbayev I.Ye., Moryakova M.T., Zhanatayeva K.B.</i> VILLAGE INSTITUTES IN TÜRKIYE AS AN INSTRUMENT OF CULTURAL POLICY..... | 54 |
| <i>Sissenbayeva A.A., Kalybekova M.Ch.</i> THEORETICAL AND SOURCE BASE FOR THE STUDY OF HISTORY OF KAZAKHSTANI PRISONERS OF WAR IN CONCENTRATION CAMPS ON THE TERRITORY POLAND DURING THE WORLD WAR II..... | 66 |
| <i>Жолдасұлы Т., Досым А.Б.</i> ҚЫЗЫЛОРДАДАҒЫ ИСЛАМНАН ӨЗГЕ ДІНИ ҰЙЫМДАР: СОВЕТТІК КЕЗЕҢ ТӘЖІРИБЕСІ (1960–1980 ЖЖ.)..... | 77 |
| <i>Zhumatay G., Yskak A.</i> TSARIST RUSSIA’S CIVILIZING MISSION AND POLICY OF CHRISTIANIZATION OF THE KAZAKHS IN THE SECOND HALF OF THE 19 th AND BEGINNING OF THE 20 th CENTURIES..... | 91 |
| <i>Zholseitova M.A.</i> SOCIO-POLITICAL TRANSFORMATION OF THE TURKIC-MUSLIM SOCIETY IN THE INTELLECTUAL HERITAGE OF THE ALASH MOVEMENT..... | 107 |
| <i>Сабитов Ж.М., Каратаев А.А.</i> О ПРОИСХОЖДЕНИИ И ИСТОРИИ ПЛЕМЕНИ АРГЫН..... | 118 |
| <i>Бимақанова З.Ш., Мұқанова Г.Қ., Нұрғалиева Ф.М.</i> ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ «КІШІ ҚАЗАН» ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕ ПӘНАРАЛЫҚ ТӘСІЛДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ МЕН ПРИНЦИПТЕРІ..... | 132 |
| <i>Ахметова Г.М.</i> ТОРГОВО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ КАЗАХСТАНА В XIX – НАЧАЛЕ XX ВЕКА: ОТЕЧЕСТВЕННАЯ И ЗАРУБЕЖНАЯ ИСТОРИОГРАФИЯ..... | 142 |

| | |
|--|-----|
| Ермаханова М.А., Абдразақова А.Ө., Айтуар Б.М. АҢЫЗ ЖӘНЕ ШЫНДЫҚ: ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВТИҢ ТҮЛҒАСЫНА ҚАТЫСТЫ ТАРИХНАМАЛЫҚ ТАЛДАУ..... | 161 |
| Махамбетова Л.А., Мейрманова Г.А. У.Х. ШӨЛЕКЕНОВТИҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚТАР МЕН ҚАРАҚАЛПАҚТАРДЫҢ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮЙЕСІ..... | 174 |
| Байжанова А.Ә., Шашаев Ә.Қ., Әділбекова З.Ә. XX ҒАСЫРДЫҢ 20–30 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОҚУ-АҒАРТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ: ТАРИХИ ТАЛДАУ..... | 185 |
| Ошан Ж., Кенжеахмет Н., Қадылбек М. «ИМПЕРАТОР ГУАНСЮЙ БИЛГІ ТҰСЫНДАҒЫ СОЛТҮСТІК-БАТЫС ШЕКАРА ДЕЛИМИТАЦИЯЛЫҚ КАРТАСЫНЫҢ ҚЫТАЙША АУДАРМАСЫНДА» КӨРСЕТІЛГЕН ҚАЗАҚСТАННЫҢ ШЫҒЫС ШЕКАРАСЫНА ҚАТЫСТЫ ТАРИХИ ТОПОНИМИКАЛАР..... | 199 |
| Zholdas A.K., Amirbek A.A., Kumganbayev Zh. K. THE ROLE OF HISTORY TEACHING IN FORMING THE KAZAKH INTELLIGENTSIA (1918–1927 YEARS)..... | 210 |
| Саркенова К.А., Әбенова Б.С. БАТЫС СІБІР: ӘКІМШІЛІК-ТЕРРИТОРИЯЛЫҚ БӨЛІНІСІ, ҚАЗАҚТАРДЫҢ ОРНАЛАСУЫ (XVIII Ғ. СОҢЫ – XIX Ғ. БІРІНШІ ЖАРТЫСЫ)..... | 219 |
| Mirzakulova R.M., Alpysbayeva N.K. SCHOLARS' PERSONAL FUNDS IN THE SCIENTIFIC ARCHIVE OF "GYLYM ORDASY" AS A PHENOMENON OF HISTORICAL MEMORY..... | 234 |
| Абдукадыров Н.М., Қалдыбаева С.С., Көбесова А.С. ОСМАН МЕМЛЕКЕТІ МЕН ОРТА АЗИЯ ХАЛЫҚТАРЫ АРАСЫНДА ОҚУ-АҒАРТУ САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ (XIX Ғ. СОҢЫ – XX Ғ. БАСЫ)..... | 249 |
| Ауанасова К.М., Ауанасова А.М., Бадиев А.М. ВКЛАД СЕРАЛИ ЛАПИНА В ПРАВОВОЙ МОДЕРНИЗМ В ПЕРВЫЕ ГОДЫ СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ (НА ОСНОВЕ АНАЛИЗА ЗАПАДНОЙ И РОССИЙСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ)..... | 266 |
| Akhmetova Zh.K., Abdrazakova A.U. THE KAZAKHSTANI VARIANT OF THE SOVIET NATION-BUILDING PROJECT IN THE CONTEXT OF IMPERIAL LEGACY AND SOCIALIST MODERNIZATION (1920–1940)..... | 276 |
| Azretbergenova E.Zh., Baigarayev N.A. ISSUES OF CULTURAL POLICY AND NATIONAL IDENTITY IN THE PERIOD BETWEEN THE KAZAKH AUTONOMOUS SOVIET SOCIALIST REPUBLIC AND THE KAZAKH SOVIET SOCIALIST REPUBLIC..... | 288 |

| | |
|--|-----|
| Дюсенова Н.К. ТҮРІК ЗЕРТТЕУШІЛЕРІНІҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ АШАРШЫЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ..... | 303 |
| Есенаманова А.С., Қалыш А.Б., Исаева А.И. ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ КІЛЕМ ТОҚУ ДӘСТҮРІН ЗЕРТТЕУ ТАРИХНАМАСЫ: ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ МУЗЕЙЛІК ТҮРҒЫДАН ШОЛУ..... | 312 |
| Сарсенбаев А.Б., Оспанов Е.Б. ҚАЗАҚ ШЕЖІРЕСІ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ДЕРЕККӨЗІ РЕТІНДЕ..... | 325 |
| Турекеев К.Ж. НАРЕЧЕНИЕ ИМЕНИ У КАРАКАЛПАКОВ НАВОЙСКОЙ И САМАРКАНДСКОЙ ОБЛАСТЕЙ: ТРАДИЦИИ И СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ..... | 333 |
| Шамшетдинова Д.И. УСПЕХИ И НЕДОСТАТКИ РАЗВИТИЯ СФЕРЫ БЫТОВОГО ОБСЛУЖИВАНИЯ В СЕЛЬСКОЙ МЕСТНОСТИ КАРАКАЛПАКСТАНА В 1960–80-Е ГГ..... | 343 |
| Мұхатова О.Х., Қаипбаева А.Т., Саипова К.Д. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1920–1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ ПАНАСЫЗ БАЛАЛАР ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ..... | 353 |
| Қабдолдина К.Қ., Құндақбаева Ж.Б. ДІНИ ПАРЫЗ БЕН ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПТЕР АРАСЫНДА: ХІХ ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ – ХХ ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗЫЛЫҚҚА САНИТАРЛЫҚ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚИЫНДЫҚТАРЫ..... | 367 |
| Қалишабаев А.Ж., Елеуов М.Е. Т.Н. СЕНИГОВА: БАТЫС ЖӘНЕ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ЭКСПЕДИЦИЯЛАРЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ ЖАҒАЛЫҚТАРЫ (1950–1970 ЖЫЛДАР)..... | 378 |
| Кенжебаев Ф.Қ. Сайфулмаликова С.С. БӨКЕЙ ОРДАСЫНДАҒЫ БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ: ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ, ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ МӘДЕНИ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАНУЫНА ПӘНАРАЛЫҚ ТАЛДАУ..... | 387 |
| Темирханова А.С., Альбина Абеновна Максүтова А.М., Исакаева А.М. ҚАСЫМ ЕРТІСБАЕВ ТҮЛҒАСЫ ХХ ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ДІНИ-АҒАРТУШЫЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР КОНТЕКСІНДЕ..... | 400 |
| Мухамадеева И.А., Кенжебек Д.К., Жаксыбаева А.А. ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА «КАЗАХ» (1913–1918 ГГ.) КАК ОДИН ИЗ ИСТОЧНИКОВ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ИСТОРИИ..... | 410 |



Ш.Ш. Уәлиханов ат. Тарих және этнология институты
Алматы қ., Шевченко көш., 28
Тел/факс: +7 727 261 67 19
e-mail: kazhistory@bk.ru
